

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 18 ақпандағы № 1177 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Ноғайұлы Асылықовқа Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2026 жылғы 18 ақпандағы
№ 1177 Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкіметі осы Келісімді жасасуға тиісті түрде уәкілеттік берген Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы (бұдан әрі - Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы)

Тараптар арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастықты назарға ала отырып, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету кезінде ынтымақтастықты нығайтуды және тергеп-тексеруде, қудалауда және қылмыстық істер бойынша өзге де талқылауларда, сондай-ақ қылмыстық әрекеттен түсетін кірістерді тәркілеуде Тараптардың тиімділігін арттыруды қалай отырып,

өздерінің заңнамасына сәйкес әрекет ете келе, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарын құрметтей отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Құқықтық көмек көрсету бойынша міндеттеме

1. Тараптар осы Келісімнің және өз заңнамасының ережелеріне сәйкес тергеп-тексеруде, қудалауда және қылмыстық істер бойынша өзге де талқылауларда бір-біріне өзара құқықтық көмек (бұдан әрі - құқықтық көмек) көрсетеді.

2. Осы Келісімнің мақсаты бір Тараптың екінші Тарапқа құқықтық көмек көрсетуі ғана болып табылады. Осы Келісімнің ережелері қандай да бір жеке немесе заңды тұлғалардың дәлелдемелерді алу, жасыру немесе жою не құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындауға кедергі жасау құқығының туындауына алып келмейді.

3. Осы Келісім Тараптардың ешқайсысына екінші Тараптың аумағында тек қана екінші Тараптың құзыретіне ғана жатқызылған өкілеттіктерді жүзеге асыру құқығын бермейді.

4. Осы Келісім тиісті әрекеттер немесе әрекетсіздік ол күшіне енген күнге дейін орын алса да, осы Келісім күшіне енгеннен кейін келіп түскен құқықтық көмек туралы сұрау салуларға қатысты қолданылады.

5. Құқықтық көмек салық салу, кеден ісі саласындағы қылмыстарға немесе мемлекеттік кірістерге байланысты өзге де мәселелерге байланысты көрсетіледі.

2-бап

Құқықтық көмектің көлемі

Құқықтық көмек:

- a) құжаттарды табыс етуді;
- b) адамдардан дәлелдемелер мен өтініштер алуды;
- c) адамдар мен заттардың орналасқан жерін анықтауды және сәйкестендіруді;
- d) құқықтық көмек көрсету шеңберінде процестік әрекеттерге қатысу үшін адамдарды Сұрау салушы Тарапқа келу үшін шақыруды;
- e) Сұрау салушы Тарапта құқықтық көмек көрсету шеңберінде процестік әрекеттерге қатысу үшін күзетпен ұсталатын адамдарды уақытша беруді;
- f) мүлікке қатысты шараларды жүзеге асыруды, оның ішінде: тінту және мүлікті алып қою туралы сұрау салуларды орындауды; қылмыстық әрекеттен алынған кірістерді және қылмыс жасау құралдарын іздестіруді, тыйым салуды, алып қоюды және тәркілеуді;
- g) ақпаратты, құжаттарды, заттарды және өзге де дәлелдемелерді ұсынуды;

h) Сұрау салынатын Тараптың заңнамасы сақталған жағдайда сұрау салуды орындау кезінде Сұрау салушы Тараптың құзыретті органдары өкілдерінің қатысуына рұқсат беруді;

i) Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына қайшы келмейтін осы Келісімнің мақсаттарына сәйкес құқықтық көмектің кез келген басқа да түрлерін көрсетуді қамтиды.

3-бап

Орталық органдар

1. Осы Келісім шеңберінде Тараптардың әрқайсысы Тараптар арасындағы тиісті ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында орталық органдарды тағайындайды.

2. Қазақстан Республикасы тарапынан:

a) сот процестеріне байланысты құқықтық көмек туралы сұрау салулар бойынша - Жоғарғы Сот;

b) құқықтық көмек туралы барлық басқа сұрау салулар бойынша Бас прокуратура орталық органдар болып табылады.

3. Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы тарапынан Әділет хатшылығы орталық орган болып табылады.

4. Тараптар өздерінің орталық органдарының немесе олардың құзыреті салаларының кез келген өзгерістері туралы бірін-бірі дереу хабардар етеді.

5. Осы Келісімнің мақсатында Тараптардың орталық органдары бір-бірімен байланыста болады және құқықтық көмек туралы барлық сұрау салуларды тікелей жібереді және оларға жауап алады. Құқықтық көмек туралы сұрау салуды алғанға дейінгі және одан кейінгі қатынастар кейіннен ресми растау арқылы телекс, факсимильдік байланыс, электрондық пошта не байланыстың өзге де түрі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Орталық орган құқықтық көмек туралы сұрау салуды тікелей өзі орындайды немесе оны орындау үшін құзыретті органға жібереді. Егер орталық орган сұрау салуды орындау үшін құзыретті органға жіберсе, ол осы құзыретті органның сұрау салуды тез және тиісті түрде орындауына жәрдемдеседі.

4-бап

Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салу жазбаша нысанда жасалады.

2. Сұрау салушы Тарап құқықтық көмек туралы сұрау салуды телекс, факсимильдік байланыс, электрондық пошта немесе байланыстың өзге де түрі бойынша бере алады және мұндай сұрау салудың түпнұсқасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде беріледі. Сұрау

салынатын Тарап сұрау салуды орындау нәтижесі туралы Сұрау салушы Тарапқа оның түпнұсқасын алған жағдайда хабарлайды.

3. Құқықтық көмек туралы сұрау салу:

- a) құқықтық көмек сұрайтын құзыретті органның атауын;
- b) сұрау салудың мақсатын және сұрау салынатын құқықтық көмектің сипаттамасын;
- c) іс-әрекеттің, сондай-ақ тергеп-тексерудің, қудалаудың немесе өзге де талқылаулардың сипаты мен сатыларының сипаттамасын, ең жоғары жазалау шарасы туралы мәліметтерді қоса алғанда, іс-әрекеттің қылмыстық жазаланатын болып табылуына негіз болатын заңдардың тиісті ережелерінің мәтінін, сондай-ақ, егер бұл қажет және мүмкін болса, осындай іс-әрекет салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін;
- d) тиісті фактілердің қысқаша мазмұнын;
- e) сұрау салуды орындау кезінде Сұрау салушы Тараптың қалауы бойынша ұстануға тиіс кез келген ерекше рәсімдерді қолдану негіздемесін және сипаттамасын;
- f) өздеріне қатысты тергеп-тексеру, қудалау немесе өзге де талқылаулар жүргізілетін адамдарды сәйкестендіретін деректерді;
- g) Сұрау салушы Тарап үшін сұрау салуды орындаудың талап етілетін мерзімін;
- h) тиісті түрде хабарлануға жататын, құжаттар тапсырылуы тиіс немесе айғақтары қажет адамдардың толық атын, тегін (әкесінің атын), мекенжайын, сондай-ақ мүмкіндігінше телефон нөмірлерін, сондай-ақ олардың тергеп-тексеруге, қудалауға немесе өзге де талқылауларға қатысты байланысын;
- i) қарап-тексеру және тінту жүргізу қажет орынның, сондай-ақ алып қоюға жататын заттардың сипаттамасын;
- j) адамға қойылуы қажет сұрақтарды;
- k) сұрау салуды орындау кезінде көрсетілген өкілдердің қатысуы туралы өтініш келіп түскен жағдайда Сұрау салушы Тараптың құзыретті органдары өкілдерінің толық атын, тегін (әкесінің атын), ресми лауазымдарын, сондай-ақ олардың қатысуы қажеттігінің негіздемесін;
- l) қажет болған жағдайда құпиялылықты сақтау туралы таланты;
- m) сұрау салудың орындалуын жеңілдету үшін қажетті кез келген басқа да ақпаратты қамтиды.

4. Егер Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмек туралы сұрау салудағы ақпарат оны орындау үшін жеткіліксіз деп есептесе, бұл Тарап қосымша ақпарат сұратуы мүмкін.

5-бап

Тілдер

Құқықтық көмек туралы сұрау салулар, сұрау салуға қоса берілетін құжаттар, қосымша ақпарат және осы Келісімнің негізінде жіберілетін сұрау салуларға қатысты жауаптар, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, Сұрау салынатын Тараптың ресми тіліндегі немесе ағылшын тіліндегі аудармасымен қоса беріледі.

6-бап

Құқықтық көмек көрсетуден бас Тарту немесе оны кейінге қалдыру

1. Егер:

а) сұрау салуды орындау Қазақстан Республикасына қатысты - Қазақстан Республикасының егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне не елеулі мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін болса; не Гонконг арнаулы әкімшілік ауданына қатысты - Қытай Халық Республикасының егемендігіне, Қытай Халық Республикасының не оның кез келген бөлігінің қауіпсіздігіне немесе қоғамдық тәртібіне, сондай-ақ Гонконг арнаулы әкімшілік ауданының елеулі мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін болса;

б) сұрау салу кез келген Тарапта сол құқық бұзушылыққа байланысты адам сотталған, ақталған не оған кешірім жасалған не заңда көзделген жазаны өтеген қылмыс үшін қудалауға қатысты болса;

с) сұрау салу әдеттегі қылмыстық құқық бойынша қылмыс болып табылмайтын әскери заңнамада көзделген қылмысқа қатысты болса;

д) сұрау салу адамды нәсілі, жынысы, діни нанымы, азаматтығы, этникалық тегі немесе саяси сенімі белгілері бойынша қудалау, жазалау немесе оған басқаша түрде залал келтіру мақсатында берілген деп пайымдауға дәлелді негіздер бар болса;

е) оған қатысты сұрау салу жасалған қылмысты құрайтын әрекеттер немесе әрекетсіздік Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық ретінде жазаланбайтын болса;

ф) сұрау салу немесе оның орындалуы осы Келісімнің немесе Тараптар заңнамасының ережелеріне сәйкес келмесе, құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салудан бас тартылады.

2. Сұрау салынатын Тарап, егер оның заңнамасына сәйкес бұл талап етілетін болса да, құқықтық көмек туралы сұрау салу саяси сипаттағы қылмысқа қатысты болса, көмек көрсетуден бас тарта алады. Тараптар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын және Гонконг арнаулы әкімшілік ауданына қолданылатын халықаралық көпжақты келісімдер бойынша міндеттемелерге сәйкес жазаланатын кез келген қылмыстарды саяси сипаттағы қылмыс ретінде қарастырмайды.

3. Егер Сұрау салушы Тарап Сұрау салынатын Тарап ұсынатын ақпараттың, құжаттардың, заттардың және өзге де дәлелдемелердің құпиялылығына немесе

пайдаланылуын шектеуге қатысты кез келген шартты орындай алмаса, Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмек беруден бас тарта алады.

4. Тараптар банк құпиясы негізінде құқықтық көмек беруден бас тарта алмайды.

5. Сұрау салынатын Тарапта жүргізіліп жатқан тергеп-тексеруге, қудалауға немесе өзге де тапқылауға кедергі келтіруі негізінде Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмек көрсетуді кейінге қалдыруы мүмкін.

6. Құқықтық көмек көрсетуді кейінге қалдыру немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдар алдында Сұрау салынатын Тарап қажетті мерзімдер мен шарттар сақталған кезде құқықтық көмек көрсету туралы шешім қабылдау үшін Сұрау салушы Тараппен консультациялар жүргізеді. Егер Сұрау салушы Тарап осындай мерзімдерде және осындай шарттарда құқықтық көмек көрсетуге келіссе, ол осы мерзімдер мен шарттарды сақтауға міндеттенеді.

7. Егер Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмек көрсетуден бас тарту немесе оны кейінге қалдыру туралы шешім қабылдаса, ол бұл туралы Сұрау салушы Тарапты осындай шешімнің себебін көрсете отырып, оны өзінің орталық органы арқылы хабардар етеді.

7-бап

Құжаттарды растау және олардың жарамдылығы

1. Осы Келісім шеңберінде берілетін және Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының немесе орталық органының қолтаңбасымен және мөрімен расталған құжаттар мен өзге де материалдар Сұрау салушы Тарапта заңдастырусыз немесе куәландырудың өзге де нысанынсыз ресми құжаттар ретінде қабылданады және танылады.

2. Сұрау салушы Тараптың өтініші бойынша осы Келісім шеңберінде ұсынылған құжаттар немесе өзге де материалдар, егер мұндай растау Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына қайшы келмесе, құқықтық көмек туралы сұрау салуда көрсетілген тәсілмен расталуы мүмкін.

8-бап

Пайдаланудағы құпиялылық пен шектеулер

1. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тараптың орталық органының өтініші бойынша және өз заңнамасын сақтау шартымен құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындау үшін қажетті жағдайларды қоспағанда, оны алу фактісіне, оның мазмұнына, оған қоса берілетін құжаттарға және сұрау салуға байланысты қабылданған кез келген әрекетке қатысты құпиялылықты қамтамасыз етеді.

2. Егер құқықтық көмек туралы сұрау салуды құпиялылықты бұзбай орындау мүмкін болмаса, Сұрау салынатын Тарап бұл туралы Сұрау салушы Тарапты жазбаша нысанда хабардар етеді. Осыдан кейін Сұрау салушы Тарап осы мән-жайға қарамастан, құқықтық көмек туралы сұрау салудың орындалуға жататынын немесе жатпайтынын шешеді.

3. Сұрау салушы Тарап құқықтық көмек туралы сұрау салуда көрсетілмеген мақсаттар үшін осы Келісімге сәйкес алынған ақпаратты немесе дәлелдемені Сұрау салынатын Тараптың орталық органының алдын ала келісімінсіз пайдаланбайды.

4. Егер Сұрау салушы Тарапқа құқықтық көмек туралы сұрау салуда көрсетілгеннен басқа мақсаттар үшін ақпаратты немесе дәлелдемелерді жария ету немесе толық немесе ішінара пайдалану қажет болса, Сұрау салушы Тарап Сұрау салынатын Тараптың тиісті рұқсатын сұратады, ол берілген сұрау салуға жазбаша нысанда келісімін беруі немесе беруден толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін.

9-бап

Құқықтық көмек туралы сұрау салуларды орындау

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салулар Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес мүмкіндігінше тез арада орындалуға тиіс. Сұрау салушы Тараптың сұрау салуы бойынша Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмек туралы сұрау салуда көрсетілген нысанда және белгілі бір рәсімге сәйкес Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына қайшы келмейтін шектерде құқықтық көмек көрсетеді.

2. Егер Сұрау салушы Тарап құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындау кезінде оның құзыретті органдары өкілдерінің қатысуына рұқсат сұраса, Сұрау салынатын Тарап осы маселе бойынша өзінің шешімі туралы Сұрау салушы Тарапты хабардар етеді. Егер мұндай рұқсат берілсе, онда Сұрау салынатын Тарап сұрау салудың орындалатын күні, уақыты және орны туралы Сұрау салушы Тарапты алдын ала хабардар етеді.

3. Сұрау салынатын Тараптың орталық органы құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындау нәтижесінде алынған ақпарат пен дәлелдемелерді Сұрау салушы Тараптың орталық органына мүмкіндігінше тез арада жібереді.

4. Егер Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмек туралы сұрау салуды толық немесе ішінара орындау мүмкін емес деп шешсе не сұрау салуды орындауда елеулі түрде кідіру ықтималдығы болса, Сұрау салынатын Тараптың орталық органы бұл туралы Сұрау салушы Тараптың орталық органына дереу хабарлайды және мұндай шешімнің себептері туралы ақпарат береді.

10-бап

Құжаттарды тапсыру

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салуға сәйкес Сұрау салынатын Тарап осы мақсатта өзіне берілген кез келген құжатты тапсыруды мүмкіндігінше тез арада жүзеге асырады.

2. Сұрау салушы Тарап жоспарланған жауапқа немесе шақыртуға дейін жауап берілуге тиіс немесе Сұрау салушы Тараптың аумағына келу қажеттігін болжайтын құжаттарды тапсыру туралы сұрау салуды ақылға қонымды мерзімде береді.

3. Құжаттарды тапсыру туралы сұрау салудың орындалуы күні көрсетілген және алушының қолтаңбасы бар тапсыру туралы құжатпен немесе тапсыру фактісі, күні және тәртібі расталатын Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының анықтамасымен расталады. Сұрау салушы Тарап құжаттардың тапсырылуы туралы дереу хабарланады.

4. Өзіне тапсырылған кез келген құжатта қамтылған талаптарды орындамаған адам осы себеп бойынша Сұрау салушы Тараптың немесе Сұрау салынатын Тараптың заңнамасы негізінде ешқандай жазаға немесе мәжбүрлеу шараларына тартылмайды.

11-бап

Сұрау салынатын Тараптан дәлелдемелер алу

1. Сұрау салынатын Тарап өз заңнамасына сәйкес құқықтық көмек туралы сұрау салуға сәйкес дәлелдемелерді жинауды ұйымдастырады және оларды Сұрау салушы Тарапқа береді. Осы баптың мақсаты үшін дәлелдемелерді ұсыну және алу адамдардың айғақтарын, сарапшылардың қорытындыларын, құжаттарды, жазбаларды, заттарды және өзге де дәлелдемелерді қамтиды.

2. Құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындау кезінде қатысып отырған Сұрау салушы Тараптың құзыретті органдарының өкілдері Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органдарының өкілі арқылы тиісті адамға қойылатын сұрақтарды тұжырымдай алады.

3. Сұрау салынатын Тараптың заңнамасы сақталған жағдайда, Сұрау салушы Тарапта өзіне қатысты тергеп-тексеру, қудалау немесе өзге де талқылау жүргізілетін адам және оның заңды өкілі дәлелдемелерді алу кезінде қатыса алады және айғақтар беруге тиіс адамның да заңды өкілі болу мүмкін.

4. Құқықтық көмек туралы сұрау салуға байланысты Сұрау салынатын Тараптың аумағында айғақтар беруі талап етілетін адам, егер Сұрау салынатын Тараптың немесе Сұрау салушы Тараптың заңнамасы мұндай адамға айғақтар беруден бас тартуға рұқсат етсе, айғақтар беруден бас тарта алады.

5. Егер адам Сұрау салушы Тараптың заңнамасына сәйкес айғақтар беруден бас тарту құқығының бар екендігі туралы мәлімдесе, Сұрау салынатын Тарап осындай

адамның айғақтар беруден бас тарту құқығына қатысты Сұрау салушы Тараптың орталық органы ұсынған ресми құжатты басшылыққа алады.

6. Сұрау салушы Тарап өзіне берілетін кез келген құжаттар мен заттарға қатысты Сұрау салынатын Тараптың ескерткен барлық шарттарын, оның ішінде осындай құжаттар мен заттарға үшінші тараптардың құқықтарын қорғауға қатысты шарттарды сақтайды.

7. Сұрау салушы Тарап Сұрау салынатын Тараптың сұрау салуы бойынша осы баптың 1-тармағына сәйкес өзіне берілген құжаттардың түпнұсқаларын және заттарды мүмкіндігінше қысқа мерзімде қайтарады.

12-бап

Адамдар мен заттардың орналасқан жерін анықтау және оларды сәйкестендіру

Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органдары құқықтық көмек туралы сұрау салуда көрсетілген адамдар мен заттардың орналасқан жерін анықтау және оларды сәйкестендіру үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

13-бап

Тінту және алып қою

1. Сұрау салынатын Тарап өзінің заңнамасы мүмкіндік беретін шамада тінту, алып қою және Сұрау салушы Тарапқа тергеп-тексеруге, қудалауға немесе Сұрау салушы Тараптағы қылмыстық іске байланысты өзге де талқылауға қатысы бар кез келген материалдарды жеткізу туралы сұрау салуларды орындайды. Сұрау салуда мұндай әрекеттерді негіздейтін ақпарат қамтылуға тиіс.

2. Сұрау салынатын Тарап тінту нәтижелеріне, алып қою орнына, алып қою мән-жайларына және алып қойылған материалдарды кейіннен сақтауға қатысты Сұрау салушы Тарапқа қажет болуы мүмкін ақпаратты ұсынады.

3. Сұрау салушы Тарапқа берілген кез келген алып қойылған материалдарға қатысты Сұрау салынатын Тарап белгілеген кез келген шартты Сұрау салушы Тарап сақтайды.

14-бап

Сұрау салушы Тарапқа адамдарды шақыру

1. Егер Сұрау салушы Тарап құқықтық көмек көрсету шеңберінде Сұрау салушы Тараптағы процестік әрекеттерге қатысу үшін адамды шақыру туралы сұрау салуды ұсынса, Сұрау салынатын Тарап бұл адамды Сұрау салушы Тарапқа келуге шақырады.

2. Адамды шақыру туралы сұрау салу шақырылатын адамның келуімен байланысты шығыстар мен төлемдер туралы, сондай-ақ осы Келісімнің 16-бабына сәйкес осы адамға берілетін кепілдік туралы мәліметтерді қамтиды.

3. Адамның Сұрау салушы Тарапқа келу туралы шешімі ерікті болып табылады. Сұрау салынатын Тараптың орталық органы Сұрау салушы Тараптың орталық органына осы адамның шешімі туралы дереу хабарлайды.

4. Адамды шақыру туралы сұрау салуда осы адам Сұрау салушы Тарапқа келмеген жағдайда оны мәжбүрлеу немесе оған жаза қолдану қатері болмауға тиіс.

15-бап

Күзетпен ұсталатын адамдарды уақытша беру

1. Сұрау салынатын Тарапта күзетпен ұсталатын (оның ішінде түрмеге қамау түріндегі жазасын өтеп жүрген) адам Сұрау салынатын Тараптың келісімімен, Сұрау салушы Тарап осы адамды күзетпен ұстауға және оның кейіннен Сұрау салынатын Тарапқа қайтып оралуына кепілдік берген жағдайда, құқықтық көмек корсету шеңберінде процестік әрекеттерге қатысу үшін Сұрау салушы Тарапқа уақытша берілуі мүмкін.

2. Адам берілген кезден бастап тоқсан (90) күннен кешіктірілмей қайтарылуға тиіс. Бұл мерзімді Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тараптың орталық органының сұрау салуы бойынша ұзартуы мүмкін.

3. Адамды беру және қайтару тәртібі мен шарттарын Тараптардың орталық органдары келісуге тиіс.

4. Адамды беруден:

а) күзетпен ұсталатын (оның ішінде түрмеге қамау түріндегі жазасын өтеп жүрген) адам беруге жазбаша келісім бермесе;

б) егер Сұрау салынатын Тарапта ағымдағы тергеп-тексеруге, қудалауға немесе өзге де талқылауларға осы адамның қатысуы қажет болса;

с) егер мұндай беру оның Сұрау салынатын Тарап белгілеген күзетпен ұсталу немесе түрмеге қамалу мерзімін ұзартатын болса, бас тартылады.

5. Сұрау салушы Тарап, егер Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тарапқа бұл адамды бұдан әрі күзетпен ұстаудың қажеті жоқ екендігі туралы хабарламаса, берілген адамды күзетпен ұстауға міндетті. Мұндай жағдайда Сұрау салушы Тарап аталған адамды күзетпен ұстаудан дереу босатуды қамтамасыз етеді. Адам осындай босатылған кезден бастап осы Келісімнің 14-бабына сай жіберілген сұрау салуға сәйкес Сұрау салушы Тарапта жүрген адам болып есептелуге тиіс.

6. Адамның Сұрау салушы Тарапта болу уақыты Сұрау салынатын Тарапта оны күзетпен ұстаудың жалпы мерзіміне (оның ішінде түрмеге қамау түріндегі жазаны өтеу мерзіміне) есептеледі.

16-бап

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Сұрау салушы Тарапқа осы Келісімнің 14 немесе 15-баптарының негізінде шақыру бойынша келген адам ол Сұрау салынатын Тараптан кеткенге дейін жасалған кез келген қылмыс үшін күзетпен қамауға алынбауға, қылмыстық қудалауға не Сұрау салушы Тарапта жеке басының бостандығын өзге де шектеулерге ұшырамауға тиіс.

2. Егер осы Келісімнің 15-бабына сай берілген адам күзетпен ұсталған (немесе түрмеге қамау түріндегі жазасын өтеп жүрген) болмаса және Сұрау салушы Тарап аумағынан оның қатысуы қажет болмай қалғаны туралы жазбаша хабарлама тапсырылған күннен бастап он бес (15) тәулік ішінде кету мүмкіндігіне ие бола отырып, Сұрау салушы Тараптан кетпесе немесе Сұрау салушы Тараптың аумағынан шығып кетіп, оған қайтадан өз еркімен оралған жағдайда, осы баптың 1 және 4-тармақтары қолданылмайды.

3. Осы Келісімнің 14 және 15-баптарына сәйкес Сұрау салушы Тарапқа келген адамнан сұрау салуда көрсетілгендерден басқа қандай да бір процестік әрекеттерге қатысу талап етілмейді.

4. Осы Келісімнің 14 және 15-баптарына сәйкес құқықтық көмек шеңберінде жәрдем көрсетуге келіскен адамға, егер ол Сұрау салушы Тараптың аумағында болмаса, ол жауапкер бола алмайтын азаматтық талап берілмейді.

5. Осы Келісімнің 14 және 15-баптарына сәйкес құқықтық көмек көрсетуден бас тартқан адамға осы себептен Сұрау салушы Тараптың немесе Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес ешқандай жаза немесе мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды.

6. Егер осы бапта баяндалған қауіпсіздікті қамтамасыз ету қандай да бір себептермен мүмкін болмаса, Сұрау салушы Тараптың орталық органы адамды мұндай шарттармен келу туралы мәселені өзі шешуі үшін хабардар ету мақсатында құқықтық көмек туралы сұрау салуда мұны көрсетеді.

17-бап

Сұрау салушы Тарапқа шақыру бойынша келген немесе берілген адамды қорғау

Сұрау салушы Тарап өз заңнамасына сәйкес осы Келісімнің 14 және 15-баптарына сай Сұрау салушы Тарапқа шақыру бойынша келген немесе берілген адамды қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

18-бап

Ресми және көпшілікке қолжетімді құжаттар

Сұрау салынатын Тарап:

а) Сұрау салушы Тарапқа оның заңнамасы бойынша көпшілікке қолжетімді болып табылатын өз иелігіндегі мемлекеттік жазбалардың, құжаттардың немесе ақпараттың көшірмелерін ұсынады;

б) Сұрау салушы Тарапқа өз қалауы бойынша Сұрау салынатын Тараптың заңнамасы бойынша көпшілікке қолжетімді болып табылмайтын мемлекеттік жазбалардың, құжаттардың немесе ақпараттың көшірмелерін толық не ішінара немесе қажет деп санайтын шарттарда ұсына алады.

19-бап

Қылмыстық әрекеттен алынған кірістер, және қылмыс құралдары

1. Сұрау салынатын Тарап сұрау салу бойынша Сұрау салынатын Тарапта қылмыстық әрекеттен алынған кез келген кірістердің немесе қылмыс құралдарының орналасқан жерін анықтау жөнінде шаралар қабылдайды және Сұрау салушы Тарапқа өз әрекеттерінің нәтижесі туралы хабарлайды. Құқықтық көмек туралы сұрау салуды жасау кезінде Сұрау салушы Тарап Сұрау салынатын Тарапта осындай кірістер мен құралдар болуы мүмкін деген өз болжамдарының негіздері туралы Сұрау салынатын Тарапты хабардар етеді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес болжамды түрде қылмыстық әрекеттен алынған кірістер мен қылмыс құралдары анықталған жағдайда Сұрау салынатын Тарап аталған кірістерді және қылмыс құралдарын тәркілеуге қатысты Сұрау салушы Тарапта түпкілікті шешім қабылданғанға дейін осы болжамды түрде қылмыстық әрекеттен алынған кірістердің және қылмыс құралдарының кез келген өткізілуін, берілуін немесе иеліктен шығарылуын болғызбау жөнінде өзінің заңнамасында жол берілетін шараларды қабылдайды.

3. Қылмыстық әрекеттен алынған кірістерді немесе қылмыс құралдарын тәркілеуді қамтамасыз етуге жәрдемдесу туралы сұрау салу келіп түскен жағдайда, Сұрау салынатын Тарап мұндай жәрдемдесуді барлық рұқсат етілген әдістермен қамтамасыз ету жөнінде өзінің заңнамасында жол берілетін шараларды қабылдайды. Бұл Сұрау салушы Тарап сотының бұйрығын немесе шешімін орындауды және құқықтық көмек туралы сұрау салумен байланысты қылмыстық әрекеттен алынған кірістерге немесе қылмыс құралдарына қатысты талқылауды бастауды немесе талқылауға жәрдемдесуді қамтуы мүмкін.

4. Қылмыстық әрекеттен алынған, тәркіленген кірістер немесе қылмыс құралдары Сұрау салынатын Тарапта оның заңнамасына сәйкес сақталады. Сұрау салынатын Тарап қылмыстық әрекеттен алынған кірістерді немесе қылмыс құралдарын келісілген шарттарда Сұрау салушы Тарапқа ішінара немесе толық бере алады. Бұл ретте қылмыстық әрекеттен алынған осы кірістерді немесе қылмыс құралдарын тәркілеуді

қамтамасыз етуге жәрдемдесу туралы сұрау салуды орындауға байланысты Сұрау салынатын Тарап шеккен шығыстар ескеріледі.

5. Сұрау салынатын Тарап өзінің заңнамасында жол берілетін шектерде және бұл туралы сұрау салынған жағдайда бірінші кезекте жәбірленушілерге келтірілген залалды өтеу үшін қылмыстық әрекеттен алынған тәркіленген кірістерді немесе қылмыс құралдарын Сұрау салушы Тарапқа қайтару туралы мәселені қарайды. Егер қылмыстық әрекеттен алынған кірістер немесе қылмыс құралдары мемлекет қаражатын немесе мүлікті жымқырумен не жылыстатумен байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстардан алынған жағдайда Сұрау салынатын Тарап қылмыстық әрекеттен алынған кірістерді немесе қылмыс құралдарын қайтаруға жұмсалған шығыстарды шегере отырып, оларды Сұрау салушы Тарапқа қайтарады.

20-бап

Бейнеконференция

Мүмкіндік болған кезде ерекше жағдайларға байланысты және өз заңнамасына сәйкес Тараптар әрбір нақты жағдайда айғақтарды бейнеконференция арқылы алу туралы уағдаласа алады.

21-бап

Өкілдік ету мен шығыстар

1. Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмек туралы сұрау салудан туындайтын кез келген рәсім кезінде Сұрау салушы Тараптың өкілдік етуі бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды және барлық басқа қатынастарда Сұрау салушы Тараптың мүддесін білдіреді.

2. Сұрау салынатын Тарап өз заңнамасына сәйкес Сұрау салушы Тарап көтеретін төмендегі шығыстарды:

а) осы Келісімнің 14 және 15-баптарына сәйкес адамдардың Сұрау салушы Тарапқа баруына және кері қайтуына және олардың Сұрау салушы Тарапта болуына байланысты шығыстарды, сондай-ақ осы адамдарға тиесілі өзге де төлемдерді;

б) сарапшылардың шығыстары мен гонорарларын;

с) осы Келісімнің 9-бабының 2-тармағына сәйкес сұрау салуды орындау кезінде Сұрау салушы Тараптың құзыретті органдары өкілдерінің жол жүруіне және сол арада болуына байланысты шығыстарды;

д) заттарды Сұрау салынатын Тараптан Сұрау салушы Тарапқа тасымалдау және оларды қайтару жөніндегі шығыстарды;

е) аударуға жұмсалатын шығыстарды;

f) бейнеконференцияға жұмсалатын шығыстарды қоспағанда, құқықтық көмек туралы сұрау салуларды орындау бойынша барлық қалыпты шығыстарды өзі көтереді.

3. Егер құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындау кезінде оны орындау үшін елеулі немесе төтенше сипаттағы шығыстар қажет екені анық болса, Тараптардың орталық органдары сұрау салуды орындауды жалғастыруға болатын шарттарды айқындау мақсатында консультациялар жүргізеді.

22-бап

Басқа келісімдермен арақатынасы

Осы Келісімнің ережелері кез келген Тараптың өздері тараптары болып табылатын, қолданыстағы өзге де халықаралық шарттардың, заңдардың ережелеріне және практикаға сәйкес ынтымақтастықты жүзеге асыруына кедергі келтірмейді.

23-бап

Консультациялар және келіспеушіліктерді шешу

1. Орталық органдар сұрау салу бойынша осы Келісімді түсіндіруге, іске асыруға және қолдануға қатысты бірлескен консультациялар жүргізеді.

2. Егер орталық органдар келісімге дербес қол жеткізе алмаса, осындай консультациялардың нәтижесінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер дипломатиялық арналар арқылы шешіледі.

24-бап Қорытынды ережелер

1. Әрбір Тарап екінші Тарапты осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті өзінің ішкі рәсімдерінің аяқталғаны туралы ресми арналар арқылы жазбаша түрде хабардар етеді. Келісім соңғы хабарлама алынған күннен соң отыз (30) күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісімге Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер осы баптың 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

3. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге күшінде қалады. Кез келген Тарап осы Келісімнің қолданысын екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар ете отырып, кез келген уақытта тоқтата алады. Мұндай жағдайда тоқтату осындай хабарлама алынған күннен бастап бір жүз сексен (180) күннен кейін күшіне енеді.

4. Осы Келісімнің қолданысын тоқтату осы Келісімнің ережелеріне сәйкес осындай тоқтату күніне дейін алынған құқықтық көмек туралы сұрау салулардың орындалуына әсер етпейді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН бұған тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

20 _____ жылғы _____ әрқайсысы қазақ, қытай және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

*Қазақстан Республикасы үшін
Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы үшін*

Қытай Халық Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ